

БҰЙРЫҚ № 9

01.09.2023 ж.

Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру туралы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын орындау, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, олардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023–2024 оқу жылында балабақша топтарында дамытушы заттық-кеңістіктік орта ұйымдастырылсын.
2. Әр топта төмендегі даму орталықтарының жұмысы қамтамасыз етілсін:
3. сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы;
4. шығармашылық орталық;
5. кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы;
6. қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру орталығы;
7. құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы;
8. қоршаған ортамен танысу бұрышы;
9. ұлттық құндылықтарды дәріптеу бұрышы.

Топ тәрбиешілері дамытушы ортаны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қажетті ойын, дидактикалық және көрнекі материалдармен қамтамасыз етсін.

Балалардың дербес әрекетін дамытуға және еркін ойын әрекеттерін ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасалсын.

Оқу-тәрбие процесінде қауіпсіздік талаптары мен санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы қатаң бақылауға алынсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші:

А.Г.Такешова

